

**ЖШС «Катия апа» бөбекжай балабақшасы
Қамқоршылық кеңес отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 09.01.2026ж

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері толық.

Шақырылғандар:

Н.А.Досанов - «ТДК - Жаңажол» ЖШС-нің директоры;

Б.Т.Кадырова - педагог, зейнеткер;

Т.Н.Кусбеков - шаруашылық жөніндегі меңгеруші;

Д.Ш.Калиева - Алматы облысы әкімі аппаратының құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің инспекторы;

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ЖШС «Катия апа» бөбекжай балабақшасының қызметімен танысу (жайлы, қауіпсіз жағдай жасау, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, тамақтану, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету)
2. Балабақшаны дамыту үшін қайырымдылық көмек көрсету мақсатында қажет болған жағдайда деңгейлерді тарту туралы

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша Ш.Әбішева тыңдалды. Ол өз сөзінде ЖШС «Катия апа» бөбекжай балабақшасының қызметімен таныстырды. Әсіресе тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыру, балалардың өмірі мен қауіпсіздігін сақтау шаралары, ағзаға пайдалы тамақтануды Санитариялық тамақтану нормаларына сәйкес ұйымдастыру, мемлекеттік «Біртұтас тәрбие бағдарламасы және Адал азамат» аясында балалардың әлеуметтік-мәдени дамуына арналған іс-шаралар жоспарын, ата-аналармен бірлескен мезгілдік сауықтыру шараларын ұйымдастыру бойынша, жылдық жоспарда қарастырылған ашық есік күндері мен ата-аналардың сұрақтары бойынша бөлінген кеңес беру орталықтың жұмыстары туралы оны дамыту іс-шараларын өткізуге байланысты жұмыстардың бағыттарын толық айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің тарапынан аталған жұмыс бағыттарына, оның сапалы ұйымдастырылып, сапалы орындалуына бақылау жүргізу мақсатында көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруына тоқталып өтті.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Ш.Ж.Әбішева тыңдалды. Ол балабақшаға қайырымдылық көмек көрсету мақсатында қажет болған жағдайда демеушілерді тарту туралы мәселесіне тоқталды. Атап айтқанда, балабақша шараларын ұйымдастыруға демеушілер тарапынан материалдық көмек көрсетуіне қолдау жасау керек екенін айтты. Ата-аналар тарапынан қаржылай болмасада өзінің өнерін тарту етсе деген пікірлер білдірді. Оның ішінде ата-аналар арасында өз қолдарынан жасанды гүлдер, қуыршақтар жасай алатын адамдардың бар екендігіне тоқтала кетті. Осыны назарға алсақ балабақшаның жұмыс бағытының одан әрі жақсара түсетініне ықпал ететіндігін айтты.

ҚАУЛЫ:

1. ЖШС «Катия апа» бөбекжай балабақшасының қызметіне қамқоршылық кеңес тарапынан балабақшаның жұмысының сапалы орындалуына бақылау жүргізу, ұсыныстар негізінде ұжым жұмысын жақсарту жұмыстары жалғасын тапсын.

2. Қамқоршылық кеңес ұсынысы бойынша қол өнер бойынша безендіруге ата-аналарды тарту жоспарға енгізілсін. Акциялар мен байқаулар ұйымдастыру назарға алынсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Катия Апа
Қамқоршылық кеңестің хатшысы:



Ш.Ж.Әбішева

Ә.Д.Тұрсағатова